

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№2 (2024)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FOII8016>

**\*Т. Тұяқбай<sup>1</sup>, Р. Тұяқбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*e-mail: [tuyakbay@gmail.com](mailto:tuyakbay@gmail.com)

## **АБАЙ СӨЗІ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

*Мақалада Абай сөзінің текстологиясы лексикалық-семантикалық және синтаксистік-компаративтік мағыналық бірлік ретінде қарастырылады. Осы арада «Абай сөзі» деген сөз тіркесі ұлы ойшылдың айтқан-түйген, жазған-сызған, ұстаған-нұсқаған асыл мұрасын түгелімен қамтитынын еске сала кеткеніміз ләзім. Абай мұрасын текстологиялық тұрғыдан талдап-тексеру жұмысының әлі тиянақталып бітпегені өз алдына, оның біршама тізбеленіп-түгенделген, қолда бар, бірегей материалдарының мәтіндерін жіті қарап, зерттеп-зерделеп болған соң оларды хрестоматиялық, канондық мәтінге айналдыру жұмыстарына да дұрыс көңіл бөлген жөн.*

*Мәселенің мәнісі мен мақсатына қарай кез келген сөзді жеке алып, оған морфологиялық, семиологиялық, лексикалық-семантикалық талдау жасауға да, дидактикалық деңгейде жалпы түйін түюге де болар еді. Алайда, алдын ала қамдаған амалың, тиянақтаулы теориялық таным-түсінігің, тәлім-тәсілің Абай сөзіне жүрмейді. Мұнда бәрі керісінше: Абай мәтіні мызғымайды, сөзі сені «сызғылайды»! «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», – дейді Абай. Мұндайда мәтінтануды мойындамасқа ылажың қалмайды. Өкінішке қарай, мәтінтану мен салыстырмалы лингвистика қазақ әдебиеттану, тілтану ғылымдарында дамуды талап етеді. Осы мақаладағы алға қойған мақсат та – Абайдың екі өлеңіндегі екі сөзді оның басқа нұсқаларымен салыстыра қарастырып, кешенді талдау арқылы нәтижеге қол жеткізу.*

*Кілтімі сөздер: канондық мәтін, мәтінтану, салыстырмалы лингвистика, компаративистика, әдебиеттану, тілтану.*

### **Кіріспе**

Абай сөзін қаншама уақыт уезініне, мезгіл мөлшеріне салып көрсек те, жүрісінен жаңылмай келе жатқандығының жұмбағы оның өрнегін «өткірдің жүзі, кестенің бізі» де дәл Абайша сала алмайтындығынан болса керек, деп кейде өзімізше топшылаймыз. Әйтсе де, өз білгенінше бажайлап-бағамдау мен толғамсыз түйіндеудің де, қисынсыз қабылдаудың да ғылымға жатпайтыны айдан анық. Осы орайда ойшылдың сөздерін заманауи биіктен зерттеп-зерделеу мен оны толық түйсініп-қабылдау белгілі бір жүйеге түскенімен, қазірше қалыпты қағидатқа, анық ақиқатқа айнала алған жоқ. Сондықтан мақалада зерттеу объектісі ретінде негізінен Абайдың екі өлеңінде кездесетін, кейінгі кезде даулы болып жүрген екі сөзін нақты мысалға алып, өз уәжіміз бен дәлелдерімізді келтірдік.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазуда Абай өлеңдері мен Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы негізге алынып, соған байланысты тіл, әдебиет салалары бойынша ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Тақырыпты зерттеу барысында сипаттау, салыстыру, жинақтау, талдау, түсіндіру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында қолына Абайдың көзі тірісінде-ақ оның сөздері жазылған дәптер түскенін, өзінің оқып қарап, алғаш алған әсерін былай деп жазады: «...Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі...» [1, 216–222-бб.]. Ұлт ұстазы өзінің осы мақаласында Абайдың: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деп басталатын, 11 шумақтан тұратын (қазіргісі – 15 шумақ) өлеңін мысалға келтіреді. Осы өлеңнің үшінші, төртінші шумақтарында:

«Әуелі аят, хадис – сөздің басы,

Қосарлы бейітсымал келді арась»;

«Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,

Мінажат уәлилердің зар-наласы», – деп келетін жолдар бар. Осындағы «хадис, бейітсымал, мінажат уәлилердің» дейтін сөздерге Абай шығармаларының соңғы академиялық толық жинағында олардың араб тіліндегі нұсқасымен қоса түсініктері берілгенімен, ол сөздердің тиісінше неліктен «хадис, бәйітсымал, мүнәжат ғалымдардың» [2, 96-б.] деп өзгертілгендері түсініксіз. Әсіресе «уәлилердің» деп алған А. Байтұрсынов нұсқасы мен «ғалымдардың» деп алған академиялық нұсқасы бір-бірімен қиыспайды-ақ.

Бас абайтанушы М. Әуезовтің көзі тірісінде жарық көрген 1961 жылғы толық жинақта да бұл өлеңдегі жоғарыда аталған сөздер А. Байтұрсынов мақаласындағы нұсқасымен бірдей дерлік, оның үстіне сілтемелерінде «бейітсымал – өлең, жыр», «құтпа – мешітте айтылатын уағыз», «мұнажат – тілек, зар», «уали – әулие, пайғамбар» т.с.с. түсініктемелері берілген [3, 114-б.]. Осы бір томдық толық жинаққа жазған шағын алғысөзінде М. Әуезов өз ойларын: «Абайдың асыл мұрасы осымен толық жинақ болып жетінші рет басылады. Шөлдеген оқырманға ұсынылған бір томдық бұл жинақ 1957 ж. басылған екі томдық шығармасының негізінде, соңғы жылдардағы табылған мемуарлық, архивтік материалдармен, фотографиялармен, басылмаған бірер өлеңмен т.б. деректермен, түсініктермен толықтырылып басылды», – деп түйіндейді [3, 5-6-бб.]. Ғұламаның бұл пікірі осыдан алпыс жыл бұрынғы абайтанудағы текстология саласының жай-күйінен де біршама тиянақты мәлімет бере алады.

Бәлкім, Абайдың осы өлеңіндегі аталған сәйкессіздіктердің кілтипаны Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының мәтіндерінде жатқан болар деген оймен ұлы ұстаздың мұраларын да ақтарып көрдік. Әр жылдарда жарияланған түрлі басылымдарының ішінде негізінен толығырақ дәйектелгені Ахмет Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағының 2003 жылғы басылымы екен. Осы басылымның бірінші томындағы «Қазақтың бас ақыны» деген мақалаға берілген түсініктемеде: «1989, 1991 ж. жинақтарда «Қосарлы бейітсымал келді арасы» деген өлең жолындағы «бейітсымал» деген сөзге сілтеме түрінде «Өлең, жыр» деген түсінік берілген. Бұндай түсінік түпнұсқада жоқ», – деген уәжбен, оның сілтемесі мүлдем алынып тасталған екен [4, 382-б.].

Бұдан әрі қарай да аталған түсініктемеде: «Ал түпнұсқадағы «Мінәжат ғалымдардың зар-наласы» деген тармақтағы «ғалымдардың» деген сөз жоғарыда аталған жинақтарда «уәлилердің» деген сөзбен ауыстырылып, бұл сөзге де сілтеме ретінде «Әулие, Пайғамбар» деген түсінік берілген екен. Түпнұсқа қалпына келтірілді», – деген уәждер айтылады. Сондай-ақ осы түсініктемеде түпнұсқадағы «ғалымдардың» деген сөз «жоғарыда аталған жинақтарда» (1989, 1991 ж. жинақтарда) неліктен «уәлилердің» деп түзетілгені туралы бір ауыз сөз жоқ. Осы арада «түпнұсқа» деп автордың (А. Байтұрсынұлының) мақаласының қолжазбасы емес, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39, 40, 43-сандарында тұңғыш рет жарияланған нұсқасы негізге алынып отырғаны түсінікті болса да, жоғарыда аталған кейбір сөзге берілген түсініктеме-сілтеменің алынып тасталғаны қисынсыз. Өйткені, біріншіден, мақала авторы «бейітсымал», «мінажат», «уәлилердің» деген сөздерге түсініктеме беруді қажет деп санамағандықтан әрі мақала кітапқа емес,

газетке беріліп отырғандықтан, онда сілтемелердің болуы да мүмкін емес; екіншіден, бұл сөздердің мағынасы қазіргі заманғы оқырманға түсініксіз.

А. Байтұрсыновтың «Ақ жол» деп аталатын 1991 жылғы басылымындағы «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында Абайдың «түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі» ретінде оның:

«Көк тұман алдыңдағы келер заман,  
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.  
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,  
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.  
Ол күндер өткен күнмен бәрібір бәс,  
Келер, кетер, артына із қалдырмас.  
Соның бірі – арнаулы таусыншық күн,  
Арғысын бір-ақ Алла біледі, рас»,

– деген 8 шумақтан тұратын (қазіргісі – 9 шумақ) екінші бір өлеңі [1, 216–222-б.] мысалға келтірілген. Осындағы бірінші шумақтың «Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған» деп келетін төртінші тармағы, сондай ақ, екінші шумақтағы «таусыншық» сөзі Абай шығармаларының соңғы академиялық басылымында тиісінше: «Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған» және «таусыншақ», – деп өзгертіліп, төртінші шумақ пен бесінші шумақ арасына:

«Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,  
Ылайла ылай оймен тұнығыңды, –  
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,

Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды», – дейтін жаңа бір шумақ қосылған [2, 315-б.]. Осы өлеңге берілген түсініктеме де толыққанды емес: енгізілген өзгерістер қайдан келген, әсіресе, «таусыншық» сөзі неліктен «таусыншақ» болып кеткен немесе жаңадан қосылған бір шумақ қайдан алынған т.с.с. жауабы жоқ сауал көп. Енгізілген өзгерістер ұсақ-түйек сияқты көрінгенімен, тұтас өлеңге мағыналық жағынан нұқсан келтіріп тұр [2, 546–547-б.].

Осы өлеңнің А. Байтұрсынұлы нұсқасы бойынша:

«Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,  
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Сонда ойла, болады не сенікі?», –

деп келетін шумағы соңғы академиялық толық жинақта неліктен былайша өзгеріп кеткені де түсініксіз:

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,  
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Соны ойла, болады не сенікі?» [2, 315-б.].

Атап айтқанда, «менікі» деген сөздердің тырнақшалары алып тасталса, «Сонда ойла» деген сөз тіркестері «Соны ойла» деп түзетілсе, онда шумақтың да философиялық мағынасы өзгеріп кетпей ме?

Абайдың осы екі өлеңінің әрқелкі мәтіні басқа басылымдарда қалай алынып жүргенін салыстыра қарастырып көрелік. Мысалы, екі рет (бірінші басылымы «Ғылым» баспасынан, 1968 жылы) жарық көрген «Абай тілі сөздігінде» аталған екі сөзге «таусыншық – шолтиған, біткен қалдық» және «уәли – әулиелер» деген түсініктемелер берілген [5, 495-б., 542-б.].

«Абай. Энциклопедия» атты басылымда «уәли – әулие» деген түсінік берілген, ал, «таусыншық» сөзі энциклопедиялық мақала санатына жатпайтындықтан, оған түсініктеме берудің қажеті болмаған сияқты [6, 640-б.]. Философ-ғалым А. Омаровтың «Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде «таусыншық», «уәли» сөздері назардан тыс қалмаған әрі оларға түсініктеме бергенде М. Әуезов дәстүрі қатаң сақталған [7, 64-б., 160–161-б., 312–316-б.].

Абайдың түпнұсқамен салыстырыла қарастырылып отырған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» және «Көк тұман – алдындағы келер заман» деп аталатын осы екі өлеңінде кездесетін «уәли» және «таусыншық» сөздерінің әртүрлі басылымдарда түрліше алынғанына жоғарыда келтірілген бірнеше мысал айқын дәлел бола алады.

Жасыратыны жоқ, абайтану ғылымында, әсіресе оның текстология саласында әлі толық шешімін таппаған мәселелердің молдығы Абай ілімін ілгері бастыруға қолбайлау болып отырғаны айдан анық. Сол мәселелердің бірі – Абай сөзінің канондық мәтінін қалыптастыру. Канондық мәтінді қалыптастыратын іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде қабылданған, жалпыға ортақ қолданылатын академиялық басылымдар болмақ. Өкінішке қарай, кейінгі кездері ғылыми жинақ болып саналатын академиялық басылымдар әлеумет тарапынан кең қолданысқа ие бола алмай отыр. Сондай өкінішті жағдайдың бірі – он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» де Абайдың аталған екі сөзіне орын тимеуі. Атап айтқанда, «уәли» сөзіне «Әулие, қасиетті адам» деген түсінік берілсе де, оған мысал ретінде неліктен Абайдың «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Мінажат уәлилердің зарналасы» деген өлең жолдары берілмегені түсініксіз.

«Уәли» сөзі өзінің лексикалық-семантикалық өрісі тұрғысынан да, салыстырмалы-тарихи грамматика (компаративистика) бойынша да бірнеше мағынаға ие болғанымен, Абай қолданысында бұл сөз нақты мәнге ие: жарияланымдарда жоғарыда көрсетілгендей негізінен «уәли – әулие, пайғамбар» деген дұрыс түсінік-сілтемелер беріліп жүр. Алайда көптеген жинақтарда «Мінәжат уәлилердің» деп алынғанына қарамастан, тап осы сөздер соңғы басылымдағы «Абай. Шығармаларының академиялық толық

жинағы. Үш томдық. Бірінші том» кітабында «Мүнәжат ғалымдардың» деп түзетіліп, осы өлең сілтемелерінде «мүнәжат» сөзіне – «Аллаға жалбарыну, жалбарыну, мінажат» деген, «құтпа» сөзіне «уағыз айту, үгіт насихат жасау» деген түсініктер беріледі [2, 96-б.]. Кітап соңындағы түсінікте «уәлилердің» деген сөздің неліктен «ғалымдардың» деп түзетілгені туралы нақты түсіндірме берілмеген. Тек жалпылама түрде ғана өлеңнің «бұл жинаққа 1909, 1933, 1957, 1995 жылдардағы Абай кітаптарының, Мүрсейіт қолжазбаларының (1905, 1907) негізінде салыстырылып берілгені» айтылған [2, 463–464-б.]. Сілтеме жасалып отырған төрт кітап пен екі қолжазбаның қайсысы негізге алынып, қайсысы түпнұсқа ретінде қаралатыны беймәлім күйінде қалған.

Біздіңше, алдымен Абай шығармаларының көшірме қолжазбаларының қолда бар оннан астам нұсқасына және қазіргі күнге дейінгі жарияланған академиялық басылымдарға ғылыми сараптама жасалып, олар біріздендірілуі тиіс. Сонда ғана ортақ нұсқаға түпнұсқа ретінде жүгінуге болады. Ал, соңғы академиялық басылымдағы «Мүнәжат ғалымдардың» деген түзету күмәнді: біріншіден, Абай бұлайша сөз саптамаса керек: ол «ғалым» деген сөзді білмей отырған жоқ, жақсы білетіндіктен оны өз орнымен ғана, саралап барып қолданады, соның өзінде, бүкіл шығармасында «ғалым» сөзін – 15 рет, ал, «уәли» сөзін бір-ақ рет пайдаланған [5, 151-б., 542-б.].

Абайдың «Жолы ауыр» болып тұрған екінші бір өлеңіндегі «таусыншық» деген сөзге де аталмыш сөздіктен мүлдем орын тимейті. Оның есесіне «таусыншақ» деген сөзге зат есім ретінде және сын есім ретінде екі мақала арналған екен [8, 42-б., 655-б.]. Зат есім ретінде «таусыншақ» сөзіне «жуылған сабынның қалдығы» деген түсіндірмесімен бірге «Ол көбінесе жұмырланған, жуылған сабынның таусыншағы сияқты келеді (А. Машанов, Жер асты.)» деген мысал берілген. Ал, сын есім ретінде осы сөздің екі түрлі мағынасы көрсетілген: «1. Өте шығатын, бітетін; таусылуға айналған... 2. Ақырғы, соңғы...». Әйтсе де бұл екі мақалада да Абайдың «таусыншығы» туралы бір ауыз сөз айтылмайтыны түсінікті.

Біздіңше, «таусыншық» – сирек қолданылатын, көне сөз. Абай осы сөзді «Көк тұман – алдындағы келер заман» деп басталатын, «түсінуге қиын» (А. Байтұрсынұлы) өлеңінде орайын келтіріп, орнымен қолданып отыр. Абайдың сөз қолданысындағы айрықша шеберлігі осы өлеңінде оқшау көзге түседі.

Әдебиеттану теориясы тұрғысынан «таусыншық» сөзінің көркемдік-эстетикалық қуатын толық ашып көрсету мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, осы арада компаративті лингвистикаға жүгінуге тура келіп отыр. Алдымен, өлең тақырыбы заман мен адам туралы болғандықтан, оның алдыңғы екі шумағындағы мәтінінен тақырыпқа қатысты мезгіл өлшемін білдіретін заман,



көп жылдар, көп күндер, өткен күн, келер, кетер, арнаулы күн, таусыншық күн, күн тәрізді кілт сөздер тізбегін тауып аламыз. Осы тізбектегі сөздерді ретімен салыстыра қарасақ, адам өмірінің (уақытының) заманнан басталып, бірте-бірте азайып, саркылып, таусылатын күні келетінін көреміз. Демек, сөз түбірі – «таусылу». Алайда түбірі бір болғанымен, «таусыншық» пен «таусыншақ» сөздерінің мағынасы бірдей емес.

Осы арада морфологиялық, лексикалық-семантикалық талдаудан бұрын синтаксиске бұрылып, жеке сөзге емес, «таусыншық күн» деген сөз тіркесіне назар аударайық. Мұнда «күн» деген – зат есім, «таусыншық» деген – туынды сын есім, яғни «күн» дегеннің анықтауышы ретінде қолданылып тұрғанында дау жоқ. Жоғарыда «таусыншақ» сөзінің де әрі зат есім, әрі сын есім ретінде қолданылатынына көз жеткіздік. Енді осы екі туынды сөздің (таусыншақ, таусыншық) жасалу жолдарына келсек, біріншісі -шақ, -шек жұрнақтары жалғану (мақтаншақ, ұрыншақ, еріншек, т.б.) арқылы, екіншісі -шық, -шік жұрнақтары жалғану (қалашық, үйшік, төменшік, т.б.) жолымен жасалған. Біріншісі сөзжасамның кеңірек таралған, қалыпты жолы болса, екіншісі – сирек қолданылатын, заттың немесе құбылыстың кішірейтілген нұсқасын білдіретін сөзжасам тәсілі.

Келесі кезекте осы екі сөздің сын есім ретіндегі лексикалық-семантикалық түсіндірмелерін талдасақ, ол былай болып шығады: «таусыншақ – 1. Өте шығатын, бітетін; таусылуға айналған... 2. Ақырғы, соңғы...» [8, 42-б.]; «таусыншық – шолтиған, біткен қалдық» [5, 495-б.] деген түсіндірмелер берілген. Соңғы түсіндірмедегі «біткен қалдық» деген сөздер әуелде «өзі біткен болса, қалдығы қайдан жүр?» дейтіндей біршама күмән тудырса да, артынша-ақ ақынның «Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ойла, болады не сенікі» деген өлең жолдарын оқығанда күмән-күдік бұлты толықтай сейіледі. Өйткені осы арада хакімнің толық адам концепциясы негізделген тән мен жан ілімі ойымызға оралады. Адам о дүниелік болғанда артында тәні мен малы қалып, жаны кетеді, деп әлем ойшылдарын бір таң қалдырса, жаны қайда кетеді? дегенге тосылмай, Жаратушы иесіне қайтады! деп, тағы да бір тәнті қылатын хакім Абайдың әрбір сөзінің салмағы ауыр.

Компаративті лингвистика әдісі бойынша талдау нәтижесі: таусыншақ күн дегеніміз – өте шығатын, бітетін күн, таусылуға айналған күн немесе ақырғы, соңғы күн; таусыншық күн дегеніміз – шолтиған күн, біткен күн, қалдық күн. Бұдан шығатын мағыналық қорытынды мынау: таусыншақ күн – әлі өтпеген, бітпеген күн, таусыншық күн – өткен, біткен күн. Екі сөздің мағыналық айырмашылығы – осында!

«Таусыншық» деген сөз Абайға дейінгі тілімізде, әдебиетімізде болды ма, жоқ па – әзірге ол жағы бізге беймәлім. Алдымызда осы сөздің тарихын зерттеп-зерделеу міндеті тұр.

Абайдың «таусыншық күн» деген сөз тіркесі болашаққа «бұзылмай», аман-сау жетуі үшін қолданған амалы оның «Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс» дей келіп, «Соның бірі – арнаулы таусыншық күн, Арғысын бір-ақ Алла біледі рас» деген өлең жолдарында тайға таңба басқандай бейнеленген. Мұндағы «Соның бірі» дегенін – «Күндердің бірі» деп оқысаңыз болды, әрі қарай «таусыншық» деген сөзді «таусыншақ» деп өзгерте алмайсыз. Өйткені, «таусыншық күн» – «біткен күн» алды-артынан «арнаулы» және «Арғысын» деген сөздермен күні бұрын шегеленіп, шегенделіп тасталған.

«Сөзі аз, мағынасы көп, терең» (А. Байтұрсынұлы) Абай тұңғиығына бойлау үшін оны сан қырлы талант иесі ретінде әдебиетшілер ғана емес, лингвист-ғалымдар да, философтар да, тарихшылар да жұмыла зерттеп, танып-білулері керек. Зерттеу-зерделеу жұмыстарының оң нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, көпшіліктің кәдесіне жарауға, қоғамның қолданысына айналуға тиіс. Осы орайда: «Абай тілінің жеке құбылыстарын танып-білу әрекетінің басталуы тағы да заңды. Дегенмен, бұлайша танудың әлі де кенжелеп келе жатқаны байқалады. Абайдың тілін тану оның жазушылық творчествосын зерттеу дәрежесіне әлі де теңдесе алмайды» деген Р. Сыздықованың пікірі бүгінгі таңда да өзінің маңызын жойған жоқ [9, 98-б.].

Классик ақынымыздың шығармалары шет ел тілдеріне аударылғанда да жекелеген сөздердің мағынасы бұрмаланбай, көркемдік қасиетімен қоса мазмұндық дәлдіктің де сақталуы негізінен туындының түпнұсқасына байланысты болмақ. Осы орайда, Абайдың А. Байтұрсынұлы нұсқасы бойынша алынған «Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, // «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі» дейтін өлең жолдары неміс тіліне «Ich» sind Seele und Geist, das «Mein» ist der Leib – // Begriffe, deren jeder andres beschreibt» деп [10, 49-б.] әрі дәл, әрі сәтті аударылғаны байқалады. Аудармашы Леонхард Кошут өзінің қазақ тілін білмесе де, өлең мағынасына терең бойлауына Герольд Бельгердің көп көмектескенін ағынан жарыла айтады [10, 113–130-бб.].

Ғалымдардың зерттеуінше, Абайдың өз шығармаларында алты мыңдай сөз қолданғаны белгілі [11, 120-б.]. Бұл аз ба, көп бе? Сол замандағы әлем классиктерінің сөздік қорымен салыстырғанда, әрине, бұл аз көрінеді. Алайда, ұлы ақынның небәрі бір-ақ кітап жазғанын, оның өзі де көзі тірісінде жарық көрмегенін ескерсек, мәселенің санға емес, сапаға келіп тірелетіні әлдеқайда маңызды екеніне көз жеткізуге болады. Көз жеткізу өз алдына, Абайдың әрбір сөзін көздің қарашығындай сақтап, түсініксіз болса, түсіндіре отырып, оны кейінгі ұрпаққа бұзбай жеткізу ғалымдардың ғана емес, әрбір азаматтың да перзенттік парызына айналуға тиіс.

### Қорытынды

А. Байтұрсынұлы өзінің мақаласында Абайдың аталған екі өлеңіне жеке-жеке тоқталатындықтан, біз де негізінен осы екі өлеңдегі екі сөзді қарастырумен ғана шектелдік. Соның өзінде бірқатар түсініксіз текстологиялық қателіктер мен олқылықтарды байқадық. Осындай олқылықтардың орнын толтыру және Абай сөздерін біріздендіру мақсатында түрлі саланың маман зерттеушілері текстолог ғалымдармен бірлесе отырып, алдыңғы кезекте ақын шығармаларының мәтіндерін салыстырмалы түрде қайта сарапқа салып, көп нұсқалылықтан бір нұсқалыққа ауысатын ортақ мәмілеге келгендері дұрыс. Абай сөзі – халқымыз қастерлейтін асыл қазына, ұрпақтарға ұлағат мирас-мұра. Мұндай маңызды «мұраны тек араб хәрпінен қазіргі жазу үлгімізге көшіру деп жалаң қарамай, ұлттық не мемлекеттік деңгейде» [12, 5-б.] әр түрлі сала мамандарын мәмілеге шақырып, ортақ шешім қабылдайтын Ұлттық үйлестіру немесе Мемлекеттік үйлестіру комиссиясы құрылуы қажет. Олай етпеген күнде Абай ілімін ілгерілету мақсатында компаративті мәтінтану саласын дамытуға жол ашу қиын болса керек.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991. – 464-б.

2 **Абай.** Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы : Жазушы, 2020. – 640-б.

3 **Құнанбаев, А.** Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 693-б.

4 **Байтұрсынұлы, А.** Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы : Алаш, 2003. – 408-б.

5 Абай тілі сөздігі. – Алматы : Өнер, 2011. – 616-б.

6 **Абай.** Энциклопедия. – Алматы : «Атамұра» баспасы, 1995. – 720-б.

7 **Абай.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер жинағы (жаңа үлгідегі басылым). / Кітаптың «Түсініктер» бөлімін дайындаған А. Омаров. – Алматы : ЖШС Лантар Трейд, 2020. – 364-б.

8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 800-б.

9 **Сыздықова, Р.** Абай тілінің зерттелуі. // Абайтану. IV том. – 98-б. [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kaznu.kz/library/>

10 **Abai.** Zwanzig Gedichte. Nachgedichtet von Leonhard Kossut. Herausg. von Herold Belger. Önel Verlag, Köln, 2007. –136 p.

- 11 **Ысқақов, А.** Абай және қазақ әдеби тілі. // Абайтану. IV том. – 279-б. [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kaznu.kz/library/>
- 12 **Байтұрсынұлы, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. : Ғ. Әнес.] – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640-б.

## References

- 1 **Baitursynov, A.** Akzhol. Olender men tarzhimeler, publicistikalyk makalalar zhane adebi zertteu/ Kurast. R. Nurgaliev [Akzhol. Poems, journalistic articles and literaryresearch/ composed by R. Nurgaliyev] – Almaty : Zhalyyn, 1991. – 464 p.
- 2 **Abay.** Shygarmalarynyn akademiya tolyk zhinagy. Ush tomdyk. 1-tom. [Complete academic collection of his works. Three volumes. Vol.1] – Almaty : Zhazushi, 2020. – 640 p.
- 3 **Kunanbaev, A.** Shygarmalarynyn bir tomdyk tolyk zhinagy [Complete one-volume collection of his works]. – Almaty : Kazmemkorkekulturbas, 1961. – 693 p.
- 4 **Baitursynuly, A.** Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. 1-tom [Collection of works in five volumes. Vol.1]. – Almaty : Alash, 2003. – 408 p.
- 5 **Abay tili sozdigi** [Dictionary of the Abay language.]. – Almaty : Oner, 2011. – 616 p.
- 6 **Abay.** Ensiklopedia [Abay. Encyclopedia]. – Almaty : Atamura, 1995. – 720 p.
- 7 **Abay.** Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy. Birinshi tom. Olender zhinagy (zhana ulgidegi basylym). / Kitaptyn «Tusinikter» bolimin daiyndagan AsanOmarov. [Complete two-volume collection of works. Volume 1. Collection of poems (new edition). / “Concepts” section by A.Omarov]. – Almaty : LLP Lantar Trade, 2020. – 364 p.
- 8 **Kazakh adebiti linin sozdigi.** On bestomdyk. 14-tom. [Dictionary of the Kazakh literary language. Volume 14.]. – Almaty : Kazakh encyclopedia, 2011. – 800 p.
- 9 **Syzdyqova, R.** Abay tilinin zerttelui // Abaytanu. IV tom. [Study of the Abay language. // Caution. Volume IV. – P. 79–100. [Electronic resource]. – URL: <https://abai.kaznu.kz/library/>.
- 10 **Abay.** Zwanzig Gedichte. Nachgedichtet von Leonhard Kossut. Herausg. fon Herold Belger [Twenty poems. Reprinted by Leonhard Kossut. Ausg. fon Herold Belger] // Önel Verlag, – Köln, 2007. –136 p. [in German].
- 11 **Yskakov, A.** Abay zhane kazak adebi tili. // Abaitanu. IV tom. [Abay and Kazakh literary language. // Caution. Volume IV. – P. 101–120 [Electronic resource]. – URL: <https://abai.kaznu.kz/library/>.

12 **Baytursynuly A.** Kazak til biliminin maseleleri / Kurast. : G. Anes. [Problems of Kazakh language education / Compiler: G. Anes.]. – Almaty : “Abzal-Ai” publishing house, 2013. – 640 p.

09.02.24 ж. баспаға түсті.

17.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Т. Туякбай<sup>1</sup>, Р. Туякбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева  
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 09.02.24.

Поступило с исправлениями 17.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

## СЛОВА АБАЯ И АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ

*В статье текстология слов Абая рассматривается как лексико-семантическая и синтаксико-сопоставительная единица значения. Здесь стоит напомнить, что словосочетание «слова Абая» включает в себя все бесценное наследие великого мыслителя, то, что он говорил, писал, чему учил. Само собой разумеется, что работа по текстологическому анализу наследия Абая еще не завершена, после тщательного изучения текстов, имеющихся уникальных материалов, необходимо уделить должное внимание тому, чтобы они были каталогизированы и инвентаризированы, работе по превращению их в хрестоматийный, канонический текст.*

*В зависимости от смысла и цели задачи можно было бы взять любое слово в отдельности и произвести его морфологический, семиологический, лексико-семантический анализ, сделать общий итог на дидактическом уровне. Однако заранее подготовленная методика, теоретические знания и методики не соответствуют словам Абая. Здесь все наоборот: текст Абая не шелохнется, слова его вас «задевают»! «Слова исправлены, слушатель, исправься и ты», – говорит Абай. В этом случае нет возможности не признать текстологию. К сожалению, в казахском литературоведении и языкознании текстология и сравнительная лингвистика требуют дальнейшего развития. Цель данной статьи – сравнить два слова в*

*двух стихотворениях Абая с другими версиями и путем комплексного анализа достичь результата.*

*Ключевые слова: канонический текст, текстология, сравнительная лингвистика, компаративистика, литературоведение, языкознание.*

*\*Т. Туякбай<sup>1</sup>, Р. Туякбайева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 17.10.23.

Received in revised form 25.01.24.

Accepted for publication 03.06.24.

## THE WORDS OF ABAY AND AKHMET BAITURSYNULY

*In the article, the textology of the words of Abay is considered as a lexical-semantic and syntactic-comparative unit of meaning. It is worth recalling here that the phrase «The words of Abay» includes all the valuable heritage of the great thinker, what he said, wrote, what he taught. It goes without saying that the work on the textual analysis of Abai's heritage has not yet been completed, after a thorough study of the texts of the unique materials which are available, it is necessary to pay due attention to ensuring that they are cataloged and inventoried, to work on turning them into a canonical text.*

*Depending on the meaning and purpose of the task, one could take any word separately and make its morphological, semiological, lexico-semantic analysis, and make a general result at the didactic level. However, the previously prepared methodology, theoretical knowledge and methods do not correspond to the words of Abay. Here, everything is the other way around: Abay's text does not move, his words «hurt you!» «The words have been corrected, listener, correct yourself too», – says Abai. In this case, there is no possibility of not recognizing textology. Unfortunately, textual criticism and comparative linguistics require the development of Kazakh literary criticism and linguistics. The purpose of this article is to compare two words in two poems by Abai with other versions and achieve a result through a comprehensive analysis.*

*Keywords: canonical text, textual criticism, comparative linguistics, comparative studies, literary criticism, linguistics.*

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)